

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасы орынбасарының
2021 жылғы 7 шілдедегі
№ 440/қе-қа бұйрығымен
бекітілген

**«МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-Қоғам) дивидендтік саясаты туралы ереже (бұдан әрі-Ереже) Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі-Кодекс) 58-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережені қабылдаудың мақсаты дивидендтердің мөлшерін айқындау және оларды төлеу механизмін белгілеу, сондай-ақ Қоғамның директорлар кеңесінің акциялар бойынша дивидендтердің мөлшері, оларды төлеу шарттары мен тәртібі жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу кезіндегі стратегиясын айқындау болып табылады.

3. Қоғамның дивидендтік саясаты Қоғам мен оның жалғыз акционерінің дивидендтік төлемдердің мөлшерін айқындау кезіндегі мүдделерінің теңгеріміне, Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыруға, жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген құқықтарын құрметтеу мен қатаң сақтауға негізделеді.

2. Дивидендтер туралы негізгі ережелер

5. Дивидендтерді төлеу шарттары және тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Қоғамның жарғысымен, осы Ережемен, сондай-ақ жалғыз акционердің тиісті шешімдерімен регламенттеледі.

6. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 1-тармағына сәйкес жалғыз акционер Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Дивидендтік саясаттың мақсаттары және негізгі қағидаттары

7. Қоғамның дивидендтік саясаты:

1) жалғыз акционердің активтерін ұлғайту және Қоғамды капиталдандырудың өсуін қамтамасыз ету;

2) дивидендтердің мөлшерін айқындау мен оларды төлеудің ашық, түсінікті және қолжетімді механизмін белгілеу;

3) жалғыз акционерге дивидендтерді төлеу шарттарының бар болуы және оларды төлеу тәртібі туралы нақты көзқарасты қалыптастыру үшін жеткілікті ақпаратты беру;

4) дивидендтерді төлеу кезінде жалғыз акционерді Қоғамның қаржылық жағдайына қатысты жаңылдыру мүмкіндігін болдырмау;

5) дивидендтерді төлеудің оларды алған кезде дәлелсіз қиындықтармен ілеспейтін тәртібін қамтамасыз ету мақсатында қалыптастырылады.

8. Қоғамның дивидендтік саясаты мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) жалғыз акционердің мүдделерін сақтау;
- 2) Қоғамның ұзақ мерзімді құнын ұлғайту;
- 3) Қоғамның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- 4) Қоғам қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, ұйымның қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- 5) дивидендтер мөлшерін анықтау механизмінің ашықтығы;
- 6) жалғыз акционердің қысқа мерзімді (кіріс алу) және ұзақ мерзімді (Қоғамды дамыту) мүдделерінің теңгерімділігі.

4. Дивидендтер төлеудің негізгі шарттары

9. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау кезінде жалғыз акционер оларды төлеу шарттарына сүйенеді, сондай-ақ есепті қаржы кезеңінде алынған таза кірістің және Қоғамның қызметін дамыту қажеттіліктерінің мөлшерін ескереді.

10. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу шарттары:

- 1) Қоғамның жылдағы қысқартылған шаруашылық қызмет нәтижелері бойынша таза кірісінің болуы;
- 2) осы Ереженің 20 және 21 тармақтарында көзделген дивидендтерді есептеу шектеулерінің болмауы;
- 3) жалғыз акционердің дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауы болып табылады.

5. Дивидендтердің мөлшерін айқындау

11. Дивидендтер Қоғамның таза кірісінен (қорытынды табыстан) оның тиісті кезеңге арналған қаржылық есептілігінің аудиті жүргізілгеннен кейін төленеді.

12. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның директорлар кеңесі Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі мен бір жай акцияға шаққандағы есеппен дивидендтің жылдық мөлшері туралы ұсыныс дайындайды.

Дивидендтердің мөлшері мен оларды төлеу мерзімдері туралы түпкілікті шешім Қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

13. Жалғыз акционерге ұсынылатын дивидендтің мөлшерін (бір жай акцияға шаққандағы есеппен) және дивидендтік төлемдерге жіберілетін Қоғамның таза кірісінің тиісті бөлігін айқындау кезінде Қоғамның директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасын басшылыққа алады.

14. Дивидендтердің бір жай акцияға шаққандағы өлшемі «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы мен халықаралық қаржылық есептілік стандартының талаптарына сәйкес жасалған Қоғамның жылдық аудиттелген қаржылық есептілігінде көрсетілген, дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күні орналастырылған Қоғамның жай акцияларының санына бөлінген жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жіберілетін таза кіріс сомасына сүйене отырып айқындалады.

15. Директорлар кеңесі ұсынатын дивидендтің бір жай акцияға шаққандағы мөлшері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі және математика қағидаларына сәйкес теңгеге дейін ықшамдалады.

6. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау тәртібі

16. Қоғамның директорлар кеңесі жай акциялар бойынша дивидендтердің ұсынылатын мөлшерін есепті қаржы жылының қорытындылары бойынша айқындайды және мәселені акциялар бойынша дивидендтер төлеу (төлемеу) туралы түпкілікті шешім қабылдау үшін жалғыз акционердің қарауына шығарады.

17. Жалғыз акционерге ұсынылатын дивидендтің мөлшері туралы шешімді қабылдауды Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс көпшілігімен Қоғамның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Қаржы жылының қорытындылары бойынша акциялар бойынша төленетін дивидендтің мөлшері және оны төлеу тәртібі жөніндегі Қоғамның директорлар кеңесінің ұсынымы оның үзінді көшірмесі (шешімнің көшірмесі) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғамның жалғыз акционерінің түпкілікті шешім қабылдауы үшін оған қолжетімді болуы тиіс хаттамамен (сырттай отырыстың шешімімен) ресімделеді.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның өткен қаржы жылының таза табысын бөлу тәртібі туралы шешім қабылдайды;

2) Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы есеппен дивидендтің мөлшерін айқындайды.

18. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;

2) дивидендтер төленетін кезең;

3) бір жай акция есебімен дивидендтің мөлшері;

4) дивидендтер төлеуді бастау күні;

5) дивидендтер төлеу тәртібі мен нысаны.

19. Қаржы жылының нәтижелері бойынша орналастырылған акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді жалғыз акционер жеке мәселе ретінде немесе Қоғамның қаржы жылының нәтижелері бойынша таза табысын бөлу туралы шешімнің құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды.

7. Дивидендтер төлеудің шектеулері

20. Орналастырылмаған немесе Қоғам өзі сатып алған, сондай-ақ сот немесе Қоғамның жалғыз акционері оны жою туралы шешім қабылдаған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

21. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге:

1) Қоғамның меншікті капиталының теріс мөлшері немесе оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде меншікті капиталының мөлшері теріс болатын кезде;

2) Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес Қоғамның төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілері болса, немесе мұндай белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болатын кезде;

3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жол берілмейді.

8. Дивидендтер төлеу тәртібі

22. Жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер жалғыз акционер дивидендтер есептеу туралы шешім қабылдаған кезде белгілеген мерзімде төленеді.

Егер дивидендтер төлеу мерзімінің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге келсе, одан кейінгі жұмыс күні мерзімнің аяқталу күні болып саналады.

Қоғам дивидендтер төлеу бойынша міндеттемені мерзімінен бұрын орындауға құқылы. Қоғам дивидендтер төлеу бойынша міндеттемені дивидендтер төлеу мерзімі ішінде кез келген күні орындауға құқылы.

23. Қоғамның жалғыз акционерінің дивидендтер төлеу (жариялау) туралы шешімі болмаған кезде Қоғамның дивидендтер төлеуге, ал жалғыз акционердің оларды төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

24. Дивидендтер төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы емес нысанда жүргізіледі. Дивидендтер төлеудің артықшылықты нысаны ақшалай нысандағы болып табылады.

25. Төленетін дивидендтерге салық салу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

26. Жалғыз акционерге дивидендтер олардан ұсталған Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтар мен басқа міндетті төлемдердің сомалары шегеріліп төленеді.

9. Дивидендтік саясат туралы ақпаратты ашу

27. Қоғамның жалғыз акционері мен басқа да мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен осы Ережемен және оған өзгерістермен таныса алады.

28. Шешім қабылдау үшін жалғыз акционерге ұсынылатын материалдардың құрамында дивидендтер төлеу үшін қажетті шарттардың болуын немесе жоқ болуын куәландыратын ақпарат қамтылу керек.

10. Жауапкершілік

29. Қоғам акциялар бойынша жарияланған дивидендтерді төлеуге міндетті. Егер Қоғам көрсетілген міндетті уақытылы орындамаса, жалғыз акционер жарияланған дивидендтерді төлеуді сот тәртібімен талап етуге құқылы.

30. Жалғыз акционер алынбаған дивидендтерді төлеуді Қоғамның борышты болу мерзіміне байланыссыз талап етуге құқылы.

31. Қоғам дивидендтерін уақытылы төлеу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғам жауапты болады.

32. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күнгі ресми қайта қаржыландыру ставкасына сүйене отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

11. Қорытынды ережелер

33. Осы Ережені бекіту туралы шешімді, сондай-ақ осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімді және оның күшін жою туралы шешімді Қоғамның жалғыз акционері қабылдайды.

34. Егер осы Ереженің жекеленген тармақтары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның жарғысына қайшы келсе, бұл тармақтардың күші жойылады және осы Ережеге тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін аталған тармақтармен реттелетін мәселелер бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен Қоғам жарғысының нормаларын басшылыққа алу қажет.